Құмық тілі 5 диалектіден тұрады, олар: хасавюрт, буйнақ, қайтақ, таулы және тер. Тер диалектісі Шешен, Ингуш Республикаларында және Осетияда байқалады. Кейбір диалектілерде Кавказ тілдерінің ұзақ мерзімді өзара әсері көрінеді, ішінара бұл «кавказдық» шұғыл-көмей дауыссыздардан байқалады. Қазіргі құмық әдеби тілі хасавюрт және буйнақ диалектілерінің негізінде қалыптасқан [5].

Еліміздегі құмық диаспора өкілдері Қазақстан Халықтары Ассамблеясының (ҚХА) Дағыстан этномәдени бірлестігіне қарайды, бірлестіктің төрағасы – Увайсов Мусаннип Зияутдинович [6]. Елімізді мекендеген құмық диаспора өкілдері дәл осындай қоғамдық орталықтар мен бірлестіктердің ұйытқысымен ұлттық құндылықтарын, тілін, салт-дәстүрін сақтап-дамытуға толықтай мүмкіндік алуда. Қазақстанда құмықтар әр түрлі жағдайлармен қоныстанған: екінші дүниежүзілік соғыс кезінде, тың игеру кезінде, туыс-тумаларының шақыруымен, т.с.с.

Қазақстанда алғаш рет Дағыстан мәдени орталығы 1996 жылы Алматы қаласында құрылды, қазіргі уақытта олар мекен ететін жер саны беске (Алматы, Алматы облысы, Ақтау, Атырау, Қарағанды) жетіп отыр. Бұл орталық өз құрамына 12 Дағыстанды мекендейтін ұлт өкілдерін біріктіреді. Бүгінгі күні дағыстандықтар мемлекетімізде түрлі салада қызмет атқарып, елдің дамуына өз үлесін қосуда [7].

**Зерттеу әдістері мен дереккөздері.** Түркі халықтарының бірі саналатын құмықтардың тарихы, тілі, мәдениеті ғалымдардың бірқатар зерттеулеріне арқау болғаны мәлім.

Құмықтар және олардың тілі туралы алғашқы деректерді Г.Ю. Клапрот еңбектерінен кездестіреміз. Ғалым алғашқылардың бірі болып Кавказ тайпалары мен халықтарын сипаттап, құмық тілінің глоссарийін жасады, құмық тілі лексикасын өзге түркі тілдерімен салыстыра зерттеді [8].

Құмық тілі үлгілерінің алғашқы жазбалары XVIII ғасырдың 70 жылдарына тиесілі, олардың қатарынан Л.Х. Бакмейстер жинаған лингвистикалық материалдар негізінде жазылған П.С. Паллас, Ф.П. Аделунг зерттеу еңбектері ерекше орын алады [9]. Ғалымдардың жинақтаған түркілік сөздік қоры мен материалдары түркі тілдері лексикографиясын салыстырмалы-тарихи мақсатта зерттеуге жол ашты. А.А. Шифнер орыс-құмық сөздігін жазып, сөздіктің көшірмесі К.Г. Залеман тарапынан жасалып, кейіннен бұл еңбек Н.К. Дмитриев зерттеуіне арқау болды [10, 183-247 б.].

Құмықтардың тарихы мен тілі туралы кейбір мәліметтерді И.Н. Березин [11] және Н.А. Аристов [12, 277-456 б.] қарастырған болатын. Сонымен қатар құмық тілінің ерекшеліктері, түркі тілдері жүйесіндегі алатын орны А.Н. Самойлович, А.Е. Крымский, В.А. Богородицкий, Г.И. Рамстедт, М. Рясянен, В. Котвич, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, Л.С. Левитская секілді ғалымдардың тарихи-салыстырмалы зерттеулерінен көрініс тапты.

Құмықтардың өз арасынан шыққан этнограф, тарихшы Д.М. Шихалиев 1848 жылы «Құмықтар туралы құмықтың әңгімесі» атты очерк жазды. Бұл еңбек құмық тарихы мен этнографиясынан хабардар ететін алғашқы очерк санатына жатқызылды [13] 1848 жылы жазылған Т. Макаровтың еңбегі ғылымда құмық тілі, олардың диалектілері туралы, фонетикалық құрылымы мен грамматикалық құрылысы, сөздік қоры туралы толық мәлімет бере алған еңбек болып бағаланды [14] 1911 жылы Ю. Немет құмық және қарашай-балқар лексикасын салыстырмалы түрде қарастырып, қыпшақ тіліне жақындығы туралы өз зерттеуін жасады [15, 1274-1308 б.].

Құмық тілінің фонетикасы мен грамматикасының құрылымын зерттеу Н.К. Дмитриев тарапынан жүргізіліп, құмық тілінің фонетикалық құрылымы, морфология мен синтаксис мәселелері, диалектілерінің сипаттамасы берілді [16]. Құмық фонетикасының негізгі мәселелерін А.А. Моллаев, Ю.Д. Джанмавова, Н.Х. Ольмесова,

К.С. Кадыраджиева еңбектерінен кездестірсек, грамматикалық зерттеулер қатарынан Ю.П. Долинина, А.Г. Магомедов, Ю.Д. Джанмавов, В.Н. Джанаева, Д.М. Хангишиев, З.А. Магдиева, Н.Э. Гаджихахметов, Х.А. Махтиев зерттеулері жоғары бағаланды. Дәл осындай зерттеулердің негізінде құмық этнонимі жан-жақты талданып, құмықтардың тілі, түркі тілдерінің арасында алатын орны салыстырмалы түрде тыңғылықты қарастырылды.

**Нәтиже мен талқы.** «Қазіргі Қазақстан жағдайында қыпшақ-оғыз халықтарының этникалық мәдени мұрасын сақтау және дамыту» жобасы аясында жүргізілген сауалнамаға қатысқан 13 құмықтың еліміздегі тұрғылықты жері төмендегідей көрініс табады: 4 адам – Ақтөбе облысында, 3 адам – Оңтүстік Қазақстан облысында, 2 адам – Қарағанды облысында, 1 адам – Жамбыл облысында, 1 адам – Ақмола облысында тұратынын белгілесе, 2 адамның мекен-жайы нақты көрсетілмеген. Зерттеу жұмыстары сұхбат алу (аудио, видео, интервью), сауалнама толтыру әдістері бойынша жүргізілді.

*Этникалық жіктелімі* бойынша сауалнамаға қатысқан респонденттердің барлығы – ер адам, төлқұжаты бойынша – құмық деп көрсетілген. *Ұлттық таным бойынша* 13 құмықтың 12-сі – өздерін құмық, ал біреуі – өзін орыс ұлтына тиесілімін деп таниды. 13 респонденттің әкесінің ұлты – құмық. Сауалнама талдамасына сай, әке тарапынан құмықтардың ұлттық құрамы тек құмық ұлтынан тұрады. Ал аналық тармағы бойынша үш ұлттың қатыстылығын көруге болады: 3 респонденттің анасы – құмық, 1-еуінікі – татар, 1-еуінікі – орыс, 8 адам мәліметін көрсетпеген. Бұл құмық этносындағы аралас некелі жанұяларда *әке тармағы басымдықты құрайтындығын* дәлелдей түседі.

Респонденттердің барлығы орыс тілін еркін меңгерген және олардың басым бөлігі қазақ тілінде түсінсе алады. *Тілдік негіздер* бойынша құқық бұзу фактілерін ешбірі белгілемеген. Тіл саясатының қолайлы моделі ретінде қазақстандық құмықтар мемлекеттік тіл – қазақ тілін және ресми тіл – орыс тілін қатар қолданатын қос тілді болып келеді. *Тілдерді меңгеру, тілдік жағдайды* сауалнамаға қатысушылар арасында талдау бойынша: 5 адам – қазақ, құмық және орыс тілдерінде еркін сөйлейді, 4 адам – башқұрт, құмық және орыс тілдерінде еркін оқиды, 4 адам – қазақ, құмық, орыс тілдерінде еркін жазады, 5 адам – қазақ, құмық және орыс тілдерінде еркін түсінсе алады, 7 адам – орыс тілінде кітап, газет, және хабарландыруларды еркін оқиды, 9 адам – қазақ және орыс тілдеріндегі фильмдерді олардың ана тілінде түсіндірудің қажеті жоқ деп жауап берген.

Сауалнамадағы «Сіз ана тіліңіздегі халық ауыз әдебиеті үлгілерін (ертегілер, аңыздар, мифтер, тарихи поэмалар) білесіз бе? Қандай?» деген сұраққа 7 адам – «жоқ, білмеймін» деп жауап берсе, 1 адам – «хабарым бар, жатқа білмеймін», 1 адам – «аздап білемін» деп жауап берген, басқалары мәліметтерін көрсетпеген. Бұл құмық диаспорасы өкілдерінің басым бөлігінің ана тілінде ауыз әдебиеті үлгілерін білмейтіндігін көрсетеді [17].

Құмықтардың ғасырлар бойы көрші орналасқан халықтармен қоян-қолтық араласуы негізінде құмық тілі лексикасына авар, даргин, шешен, орыс тілдерінің әсері ерекше болды. Өзінің генетикалық құрамы жағынан құмық тілінің лексикалық қоры алтайлық, жалпытүркілік қабат, қыпшақтық лексика негізінде қалыптасқаны белгілі. Құмық тілі диалектілерінде қыпшақ, оғыз элементтерімен қатар, көне бұлғар тілінің элементтері де сақталған, бұл түркі тілдерінің туыстық деңгейін нақтылай түсетіні сөзсіз. Сондай-ақ түркі халықтары байланыс орнатқан туыс емес тілдер (угорлар, моңғолдар) әсері де құмық тілінен айқын көрініс тапқан.

Түркі тілдерінің өзге тілдермен мәдени, ареалды, тілдік қарым-қатынастарында тілдердің өзара байланысы лексика жүйесінен толық көрінетіні белгілі. Сондықтан да біз құмық тілінің қалыптасу ерекшеліктеріне тоқталуды жөн деп санаймыз.

*Алтайлық қабат* алтай тобы тілдер тобына тараған сөздерден тұрады және құмық тілінің негізін құрайды: *этек-етек, без-без (мата), кьайчы-қайшы, ине-ине, эшик-есік, чара-шара (ыдыс)*, т.б.

*Жалпытүркілік сөздер* көне және орта ғасыр түркі ескерткіштерінде қолданылған, сонымен қатар өзге түркі тілдерінде, оның ішінде құмық тілі мен оның диалектілерінде сақталуымен ерекшеленеді. Бұл түркілік қабат қазіргі түркі тілдерінде әр түрлі фонетикалық нұсқаларда ұшырасып жатады. Жалпы түркілік қабат құмық тілі лексикасындағы *туыстық атаулардан, аң-құс, өсімдік, адамның дене мүшелері* атауларынан көрінеді. Қыпшақ ерлік тобына жататындықтан, бұл тілдердің барлығы ерлік жалпы түркілік лексикалық қорды сақтап, бірыңғай фонетикалық-морфологиялық құрылымға негізделетіні белгілі жәйт. Жалпы түркілік қабаттың дені көне түркі тілінен тұратындығы белгілі, жалпы түркілік лексикалық қордың көпшілігі көне түркілік семантиканы сақтап қалған. Мәселен, *уьй (үй) көне түркі тілінде ev (үй); ястыкъ (жастық) көне түркі тілінде yastuc (жастық); тирмен (диірмен) көне түркі тілінде tegirtan (диірмен); элэк (елек) көне түркіде elak (елек); гийим (киім) көне түркіде kejim (киім мағынасында); азыкъ (азық) көне түркі тілінде aziq (азық, тағам)*, т.б.

Ғасырлар бойы өзге ареалды тілдермен аралас-құралас өмір сүруінің нәтижесінде қазіргі құмық тілі өз ішінен кірме сөздердің бірқатар тобын қабылдағанын байқаймыз:

**1. Араб тілінен енген сөздер.** Араб тілінен енген сөздердің өзін игерілу деңгейіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады: а) қазіргі құмық тіліне сіңіп кеткен лексемалар, бұл сөздер қазіргі құмық әдеби тілінде де қолданысқа ие: *сабур (қаз. тілінде сабыр), ватан (қаз. тілінде отан)*, т.б.; ә) мейлінше аз қолданысқа ие арабизмдер, бұлардың қатарынан көне, тарихи сөздер, архаизмдер ерекше орын алады: *гьукумат (қаз. тілінде үкімет), гьаким (әкім), гьукму (үкім), муаллим (мұғалім), мактап (мектеп), илму (ілім)*, т.с.с.

Араб тіліндегі сөздердің көбіне тән қасиет оның көпмағыналылығында екені белгілі. Құмық тіліне енгенде бұл сөздер бір негізгі мағынаны ғана сақтап, көпмағыналылық жойылып, кейде моносемия мен дисемия дамиды. Мәселен, араб тілінде *әсил* сөзі «негіз», «түбір», «түпнұсқа», «шынайы», «ізгі» деген бірнеше мағына берсе, құмық тілінде *асыл* сөзінің «ізгі» мағынасы ғана сақталған. *Аманат* сөзінің мағынасы араб тілінде «өсиет», «тапсырма», «міндет», «кепіл» мағыналарын білдірсе, құмық тіліндегі *аманат* сөзі «кепіл» мағынасын сақтаған. Ал *таржумат* сөзі араб тілінде «аударма» және «өмірбаян» мағыналарында жұмсалса, құмық тіліне бұл сөздің *таржума* «аударма» мағынасы енген. Сондай-ақ құмық тілінде арабизмдер бір компоненті түркілік сөзден құралған синонимдік қатар түзейді: ар. *таржума* – құм. *гечёрюв* (аударма), маърифат – *билим* (білім), *шаркъ* – *гюнчыгъыш* (күншығыс, шығыс). Араб терминдері орыс тілінен енген сөздермен синонимдік қатынасқа түсіп қолданылады. Бұл әсіресе Қазақстанды мекендеген құмықтардың ауызекі сөйлеу тіліне тән: *тарих* – *история*, *масъала* – *проблема*, *макъала* – *статья*, *мухбир* – *корреспондент*. Араб тілінде көптік мағынада жұмсалған зат есім сөздердің құмық тілінде жекелік мағынада жұмсалуды байқалады: *авлад (балалар) – авлет (бала), авлия (әулиелер) – авлия (әулие)*. Құмық тіліне енген арабизмдердегі зат есімдердің көптік формаларының өзгерісі тілдік қарым-қатаныстағы морфологиялық, грамматикалық өзгеріс нәтижесін көрсетеді.

**2. Парсы тілінен енген сөздер.** Құмық тіліне парсы тілінен енген сөздерді лексика-грамматикалық сипатына қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады: а) зат есімдер: *леген (таз), ахур (ақыр), зембил (зембіл), зер (зер)*, т.б.; ә) сын есімдер: *азат (азат, еркін), биябур (ұятты болу), жигер (жігер), назик (нәзік)*, т.б.; б) үстеу: *авадан (көбірек), аста (ақырын)*, т.б.; в) шылаулар: *гьам (тағзы), эгер (егер)*. Және де парсы тілінен енген сөздер лексика-семантикалық топтарына қарай да түрлі бағытты қамтиды, олар *туыстық атаулар, діни атаулар, дене мүшелері, жан-жануар атаулары, ботаникалық терминдер, киім, тағам атаулары*, т.б. Сөздерді былайша бөліп қарастыру құмық тіліне парсы тіліне енген сөздердің қатары көп екендігін білдіреді. Мәселен парсының «*биби*» сөзі үш түрлі мағынада жұмсалады: 1) ханым, ханшайым; 2) әйел адам; 3) үлкен әйелге қаратылып

айтылатын сөз (*әже, ана*), ал құмық тілінде «биби» – үлкен әйелге қаратып айтылатын мағынасын (*әже, апа*) ғана сақтап қалған.

**3. Нахско-Дағыстан тілдерінен** (Шығыс Кавказ тілдері) енген сөздер. Бұл негіздер құмық тілінің диалектілерінде көрініс тапқан. Ал құмық әдеби тілі бұл кірме сөздердің әсерін сезінбеді деп айтуға негіз бар. Мәселен, құмық тілі диалектілерінде қолданылатын *ухьи* – іргетас (фундамент), *увши* – негіз (основа), *шичи* – немере аға (двоюродный брат), т.б. сөздері бұған дәлел.

**4. Көне үнді тілінен енген сөздер.** Құмық тіліне бұл сөздер көне бұлғар, хазар және қыпшақ тілдері арқылы енген. *Эршен-булакь* құмық гидронимі көне үнділік *эршен-аршан* (минеральный источник, нектар) сөзінен жасалып тұр. Сондай-ақ *бурч (бұрыш)* термині де осы топ санатына жатады.

**5. Қытай тілінен енген сөздер.** *Топан – боран (ураган), кишмен (позолота).*

**6. Моңғол тілінен енген сөздер.** *Хонажин (телка), тулан (бес жасар жылқы), денен (төрт жасар жылқы),* т.б. Бұл сөздер құмық тіліне өзге түркі тілдері арқылы келген, қазақ тілінде де қолданысқа ие.

**7. Орыс тілінен енген сөздер.** Құмықтардың орыс ұлтымен етене аралас-құралас өмір сүруіне орай бұл тілден енген сөздердің қатарының көптігі байқалады. Құмық тіліне орыс тілінен енген сөздер көбінесе ауызекі сөйлеу тілі арқылы еніп, құмық тілінің фонетикалық заңдылықтарына бағына қолданылады. Мәселен, құмық тілінде анлаутта [в] жоқ, сол себепті ол өзге дауыссыз дыбыс арқылы берілген: *вожжа-гожа (вожжи), ведро-недре, ватага – батагъа (промысел).* Құмық тілінің зат есімдерінің жасалуында орыс тілінен енген бірқатар аффикстер құмық тілінің аффикстерімен ауысып қолданылады: *консервативность – консервативлик, авторство – авторлукь,* т.б. Орыс тілі сын есім сөздері құрамындағы -ный қосымшасы құмық тіліне енгенде түсіп қалуы байқалады: *аграрный – аграр, автономный – автоном, активный – актив, пассивный – пассив.* Орыс тілінен енген сөздер құмық тілінің етістіктерін жасауға қатысады: *автоматизировать – автоматлашдырмакь, активизироваться – активлешмек, газировать – газламакь,* т.б.

**8. Батыс Еуропа елдері тілінен енген сөздер.** Батыс Еуропа елдері тілінен енген кірме сөздер уақыт өте келе құмық тілі лексикасынан өз орнын тауып отырған, оларды да түрлі тақырыптарға бөліп қарастыруға болады. Мәселен, экономика, қаржы, нарықтық қатынасқа байланысты сөздер: *инвестор, бартер, брокер, ваучер, мониторинг, спонсор,* т.б.; *қоғамдықсаяси лексика: диаспора, презентация, коррупция, рейтинг, спикер,* т.б.

Байқап отырғанымыздай, қазіргі құмық тілінің лексикалық қоры өзге түркі тілдері секілді тарихи дәуір мәдени дәстүрлердің өзгерісін қабылдай отырып, өзге тілдерден кірме сөздерді қабылдап әрі тілге бейімдеп, толассыз даму үстінде болған. Бір тілге өзге тілдің әсер етуін, кірме сөздердің енуін тарихи заңдылық деп танымыз.

Жалпы алғанда, құмық тілі енетін қыпшақ-половец топшасының ерекшеліктерінің өзін төмендегідей белгілерден көруге болады:

а) қыпшақ-ноғай тобында қолданылатын қатаң [с] орнына [ш], [ч] орнына [ш] аффрикаты қолданысқа ие (бірақ қыпшақ-половец топшасының кейбір говорлары бұл ережеге бағынбайды): *таш (тас), қач (қаш).*

ә) сөз басында [ж] орнына [й] дыбысы қолданылады: *йол (жол).*

б) қыпшақ-ноғай топшасына қарағанда [м], [б], [п] дыбыстарының ассимиляциясы анық көрінеді;

в) [н], [д], [т] ассимиляциясы орын алмаған, алайда соңғы буын аффикстерінде д/т сәйкестігі сақталады:

г) ілік, табыс септіктері аффиксінің фонетикалық тұрақтылығы байқалады: -нын/-нин/-ның, -ны/-ни [18].

Құмық тілінің фонетикасын 8 дауысты, 23 дауыссыз дыбыс құрайды. Екпін құбылмалы түрде бірде сөздің басына, не ортасына, кейде соңына түседі. Дауыстылар

таңдай және ерін үндестігіне негізделеді: тіл алды дауыстыларынан тұратын түбірден кейін қосымшалар тіл алды қатарынан жалғанады, ерін дауыстыларынан кейін езулік дауысты келеді: *эрлер* (қазақ тілінде *ерлер*), *атлар* (*аттар*), *йолу* (*жолы*), *оймакъ* (*оймақ*), т.б.

Бірінші буында келмейтін у, уь қысаң дауыстылары тәуелдік жалғау жалғанғанда нөлдік формаға ауысады: *боюн* (*бойун*) (қаз. тілінде *мойын*) – *бойнум* (*мойным*). Къ, к, п шұғыл дауыссыздары интервокалды позицияда көрініс табады: *аякъ* (*аяқ*) – *аягъым* (*аяғым*).

Құмық тілі морфонологиясында сөз басында дауыссыздар үйлесімі және сөз соңында [б], [д], [г] ұяң дауыссыздары ұшыраспайды. Мұрын жолды дауыссыздармен біткен түбірлерден кейін аффикстердің бастапқы [д] дыбысы [н] дыбысына ауысады, ал [л] аффиксінің алдында мұрын жолды дауыссыз латералды [л] дауыссызына айналады: *йыланна* (қаз. тілінде *жыланда*) – *йылан+да*, *къазаллар* (қаз. тілінде *қазандар*) – *къазан+лар*. Сөз ортасында предикативті және анықтағыш къ синтагмасы дауыстыдан, үнді дауыссыздарынан кейін ұяңданады және шұғыл дауыссызға айналады, [г] дыбысы езулік дауысты және үнді дауыссыздарынан кейін үзілмелі қасиетін жоғалтады, ал ерін дауыстыларының алдында лабиалданады: *къара-гашлы* – *къара+къашлы* (*қара қасты*), *эки-йиши* – *эки+гиши* (*екі кісі*), *эки-вюн* – *эки+гюн* (*екі күн*) [19].

Зат есім мен есімдіктердің септелуінде -лар/-лер көптік жалғауы ілік, барыс, табыс септіктері жалғанған кезде, -ла/-ле түрінде көрініс табады: атланы (*аттарды*), атлағъа (*аттарға*), олағъа (*оларға*).

Семантика-грамматикалық құрылымына сәйкес құмық тілі аглютинативті тілге жатады, етістіктер жүйесі аналитикалық формаға ие. Грамматикалық қатынастар септік жалғауларымен қоса септеуліктер арқылы да көрінеді. Құмық тілінде 10 сөз табы бар, олар: *зат есім*, *сын есім*, *сан есім*, *есімдік*, *етістік*, *үстеу*, *септеулік*, *шылау*, *одағай*, *еліктеу сөздер*. Сын есімдер арнайы грамматикалық көрсеткіштерді иеленбейді. Тек қана түске қатысты атаулар -ғылт, -шылт, -сыман, -лдын аффикстер жүйесіне ие: *саргъылт* (*сарғылт*), *акъшылт* (*ақшыл*), *къызылсыман* (*қызылырақ*), *къаралдын* (*қаралау*), т.б. Көптік форма зат есім (субстантивтенген сын есім мен сан есімдерге), есімдік, етістіктерге (3-жақ формасында: *алдылар* (*они взяли*), *келмеслер* (*они не придут*)) арнайы лар/лер көрсеткіштері арқылы жасалады: *къазлар* (*қаздар*), *гишилер* (*кісілер*). Лар аффиксінің негізгі мағынасы көптік мән үстеу, ал жинақтаушы көптік мән қос сөздер арқылы көрініс табады: *агъа-ини* (*аға-іні*), *ата-ана*, *табун-табун* (*табын-табын*).

Құмық тілінің септіктер жүйесі алты септіктен тұрады, олар: атау (негізгі), ілік, барыс, табыс, шығыс. Тәуелдену категориясы екі жолмен жасалады: бірінде – затты өзіне тәуелді ету тәуелдік жалғаулары арқылы көрініс табады, мысалы атым (менің атым мағынасында), екіншісінде жіктеу есімдігі ілік септігінде тұрып, тәуелдеулі сөз тәуелдік жалғауымен тіркесіп қоладынылады, *мысалы мени атым* (*менің атым*) [20].

Сауалнамаға сәйкес елімізде тұратын құмық диаспора өкілдері өз ана тілін, әдеби мұраларын толық білмейді, тек орта буын өкілдері өз ана тілінде сөйлей алады. Десе де, бізге айтылған құмық тіліндегі ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылатын сөйлемдерді назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

- Сиз къумукъ тил билемисиз? (*Сіз құмық тілін білесіз бе (білемісіз)?*)
- Мен къумукъ тилни уйренме башладым. (*Мен құмық тілін үйрене бастадым*).
- Мен шу сёзню къумукъча тюз айтаманмы? (*Мен бұл сөзді құмықша дұрыс (түзу) айтамын ба?*)
- Геч(игиз), мен янгылышгъанман. (*Кешіріңіз, мен қателестім (жаңылыстым)*).
- Багъышлагъыз, мен сизин хатиригизни къалдырма суюмей эдим. (*Кешіріңіз, мен сіздің көңіліңізді қалдырамын деп ойламадым*).
- Мен сизге бек разимен. (*Мен сізге бек ризамын (разымын)*).

Бұл мәтінде құмық тіліндегі ақпарат аз болғанымен, негізінен құмық тілі өзге



түркі тілдерінен, оның ішінде, қазақ тілінен фонетикалық ерекшеліктері арқылы ажыратылатындығын байқау қиын емес. Айтылған сөздерді ешқандай кедергісіз қазақ тілінде түсінуге мүмкіндік бар. Бұл сондай-ақ құмық диаспора өкілдерінің көптеген жылдар бойы қазақ халқымен етене жақын әрі көрші тұруы әсерінен де болуы мүмкін деп болжаймыз.

**Қорытынды.** Айтылған деректерді қорыта келе, құмықтардың Ресейдің оңтүстігінде Дағыстанда жинақы тұрып жатқан қыпшақ халықтарының бірі екендігін атап өткен орынды. Қазақстанға бұл халықтардың қоныс аудару себептері тарихи, әлеуметтік және кейбір жағдайларда жеке мәнге ие. Түркітану ғылымында құмық тілінің тілдік жүйесі тыңғылықты зерттелді деп айтуға толық негіз бар: нақты ерекшелік сөздік қордағы кірме сөздердің өзгерісінен байқалады. Қазақстанда тұратын құмықтардың сөздік қорындағы кірме сөздердің өзгерісіне қазақ және орыс тілдерінің әсері көрінеді. Құмық тілі фонетикалық және грамматикалық жүйе ішінде толықтай қыпшақ тілдер тобына тән ерекшеліктерді сақтаған. Қазақстандық құмықтардың тілін зерттеу барысында біздің тарапымыздан зат есімнің көптік формасының мағынасы мен қолданылуының кейбір ерекшеліктері, сын есімнің салыстырмалы шырай формасындағы сөз тудырушы аффикстердің бірізділігі анықталды.

Құмық респонденттері өз тілін ана тілі деп таниды, алайда оны отбасылық-тұрмыстық деңгейде ғана меңгерген; қазақ тілін түсінеді және балабақшада, мектепте оқиды, орыс тілін де жетік білетіндігімен ерекшеленеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – 383 с.
2. Портал «Всероссийская перепись населения 2010 г.» [Электрон. ресурс] [https://gks.ru/free\\_doc/new\\_site/perepis2010/croc/perepis\\_itogi1612.htm](https://gks.ru/free_doc/new_site/perepis2010/croc/perepis_itogi1612.htm) (дата обращения 21.02.2020)
3. Министерство национальной экономики РК Комитет по статистике [Электрон. ресурс] [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) (дата обращения 21.02.2020)
4. Кумыкский мир. Культура, история, современность [Электрон. ресурс] <http://kumukia.ru> (дата обращения 21.02.2020)
5. Керимов И.А. Очерки кумыкской диалектологии. – Махачкала: Дагучпедгиз, 1967. – 155 с.
6. Ассамблея народа Казахстана [Электрон. Ресурс] <https://assembly.kz/ethnos/kk/kumyki/> (дата обращения 21.02.2020).
7. Увайсов М.З. Дагестанцы в Казахстане. – Махачкала: Дагестанское книжное издательство, 2012. – 152 с.
8. Klapproth J.H. Reise in den kaukasus und nach georgien unternommen in den jahren 1807 und 1808. – Buchhandlungen des Hallischen Waisenhauses, 1814. – 626 p.
9. Паллас П.С. Сравнительный словарь всех языков и наречий. – СПб.: Типография у Шнора, 1789. – 440 с.
10. Дмитриев Н.К. Материалы по истории кумыкского языка // Языки Северного Кавказа и Дагестана. – Вып. 2. – М.-Л., 1949. – С.183-247.
11. Березин И.Н. Путешествие по Дагестану и Закавказью. – Казань, 1849. – 473 с.
12. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. Вып. 3-4. – СПб, 1896. – С.277-456.
13. Шихалиев Д.М. Рассказ кумыка о кумыках. – Махачкала: Эпоха, 2012.
14. Макаров Т. Татарская грамматика кавказского наречия. – Тифлисъ: Тип. Канцелярии наместника кавк., 1848. – 144 с.
15. Nemeth J. Kumikisches und balkarisches Worterverzeichniss // Keleti Szemle, 1911-1912. – S.1274-1308
16. Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – 206 с.
17. Тюркский мир. [Электрон. ресурс] <http://tyurki.weebly.com> (дата обращения 21.02.2020)
18. Введение в тюркологию. Учебник / Ответственные редакторы д.ф.н., профессор Н.Г. Шаймердинова,

д.ф.н., профессор А.К. Каиржанов. – Астана: ЕНУ, 2013. – 304 с.

19. Ольмесов Н.Х. Фонетика кумыкского языка (система гласных). – Махачкала, 1985. – 325 с.

20. Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – 543 с.

**Н.Г. Шаймердинова, Б.С. Жиёмбай**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### **Особенности языка кумыкской диаспоры, проживающих в Казахстане**

**Аннотация.** Казахстан – многонациональное, поликонфессиональное государство. В стране проживают более 25 тюркских этносов, говорящих на разных языках кыпчакских, огузских и карлукских подгрупп. В статье рассматриваются языковые особенности кумыкской диаспоры, проживающей в Казахстане. В настоящее время кумыки наиболее компактно проживают в южной части Российской Федерации, Дагестане. В Казахстан они мигрировали в силу исторических, социальных, личностных причин. На основе анкетирования и историко-лингвистических исследований выявлены особенности формирования кумыкского языка, его словарный фонд, заимствования, фонетические и морфологические различия.

**Ключевые слова:** кумык, диаспора, язык, фонетика, морфология, синтаксис, особенности.

**N.G. Shaymerdinova, B.S. Zhiyembay**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Features of the language of the Kumyk Diaspora living in Kazakhstan**

**Abstract.** Kazakhstan is a multi-ethnic, multi-confessional state. The country is home to more than 25 Turkic ethnic groups that speak different languages of the Kipchak, Oguz and Karluk subgroups. The article discusses the language features of the Kumyk Diaspora living in Kazakhstan. Currently, Kumyks live most compactly in Dagestan, the Russian Federation. They migrated to Kazakhstan for historical, social, and personal reasons. On the basis of questionnaires and historical and linguistic research, the features of the formation of the Kumyk language, revealed vocabulary, borrowings, phonetic and morphological differences.

**Keywords:** Kumyk, diaspora, language, phonetics, morphology, syntax, features.

### **References**

1. Baskakov N.A. Vvedenie v izuchenie tjurkskih jazykov [Introduction to the study of Turkic languages] (Higher school, Moscow, 1969, 383 p.) [in Russian].
2. Portal «Vserossijskaja perepis' naselenija 2010 g.» [Portal all-Russian population census 2010] [Electronic resource]. Available at: [https://gks.ru/free\\_doc/new\\_site/perepis2010/croc/perepis\\_itogi1612.htm](https://gks.ru/free_doc/new_site/perepis2010/croc/perepis_itogi1612.htm) (Accessed: 21.02.2020).
3. Ministerstvo nacional'noj jekonomiki RK Komitet po statistike [Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan Statistics Committee] [Electronic resource]. Available at: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) (Accessed: 21.02.2020)
4. Kumyk world. Culture, history, and modernity [Kumykskij mir. Kul'tura, istorija, sovremennost'] [Electronic resource]. Available at: <http://kumukia.ru> (Accessed: 21.02.2020).
5. Kerimov I.A. Očerki kumykskoj dialektologii [Essays on Kumyk dialectology] (Daguchpedgiz, Makhachkala, 1967, 155 p.) [in Russian].
6. Assambleja naroda Kazahstana [Kazakhstan peoples Assembly] [Electronic resource]. Available at: <https://assembly.kz/ethnos/kk/kumyki/> (Accessed: 21.02.2020).
7. Uvajsov M.Z. Dagestancy v Kazahstane [Dagestanis in Kazakhstan] (Dagestan book publishing house, Makhach-

kala, 2012, 152 p.) [in Russian].

8. Klaproth J.H. Reise in den kaukasus und nach georgien unternommen in den jahren 1807 und 1808 [Traveling in the Caucasus and Georgia in 1807 and 1808] (Buchhandlungen des Hallischen Waisenhauses, 1814, 626 p.) [in German].

9. Pallas P.S. Sravnitel'nyj slovar' vseh jazykov i narechij [Comparative dictionary of all languages and adverbs] (Schnor's printing house, SPb., 1789, 440 p.) [in Russian].

10. Dmitriev N.K. Materialy po istorii kumykskogo jazyka [Materials on the history of the Kumyk language] [Languages of the North Caucasus and Dagestan], 2, 183-247 (1949).

11. Berezin I.N. Puteshestvie po Dagestanu i Zakavkaz'ju [Travel to Dagestan and Transcaucasia] (Kazan, 1849, 473 p.) [in Russian].

12. Aristov N.A. Zametki ob jetnicheskom sostave tjurkskih plemen i narodnostej i svedenija ob ih chislennosti [Notes on the ethnic composition of Turkic tribes and nationalities and information about their numbers] [Living old times], 3-4, 277-456 (1896).

13. Shihaliev D.M. Rasskaz kumyka o kumyках [The story Kumyk about the Kumyk] (Epoch, Makhachkala, 2012) [in Russian].

14. Makarov T. Tatarskaja grammatika kavkazskogo narechija [Tatar grammar of the Caucasian dialect] (Printing office Of the office of the Governor of the Caucasus, Tiflis, 1848, 144 p.) [in Russian].

15. Nemeth J. Kumikisches und balkarisches Worterverzeihniss [Keleti Szemle] 1274-1308 (1911-1912).

16. Dmitriev N.K. Grammatika kumykskogo jazyka [Grammar of the Kumyk language] (Publishing house Of the Academy of Sciences of the USSR, Moscow-Leningrad, 1940, 206 p.) [in Russian].

17. Tjurkskij mir [Turkic world] [Electronic resource]. Available at. <http://tyurki.weebly.com> (Accessed: 21.02.2020).

18. Vvedenie v tjurkologiju. Uchebnik [Introduction to Turkology. Textbook] (ENU, Astana, 2013, 304 p.) [in Russian].

19. Ol'mesov N.H. Fonetika kumykskogo jazyka (sistema glasnyh) [Phonetics of the Kumyk language (vowel system)] (Makhachkala, 1985, 325 p.) [in Russian].

20. Jazyki mira: Tjurkskie jazyki [Languages of the world: Turkic languages] (Moscow, 1996, 543 p.) [in Russian].

***Авторлар туралы мәлімет:***

***Шаймердинова Н.Ф.*** – түркітану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***Жиембай Б.С.*** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Сәтпаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***Shaymerdinova N.G.*** – Doctor of Philology, Professor of Turkology Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

***Zhiyembay B.S.*** – PhD student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.